

КМҚК №33 «Көркемай» бөбекжай – бақшасы

Білім беру саласы: «Таным»
Оқу қызметі түрі: «Жаратылыстану»
Өтпелі тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін»
Тақырыбы: «Жаз мезгілі»

«Айгөлек» кіші тобы

Тәрбиеші: Жақсылықова М.А.

2022 оқу жылы

Бекітемін:

Білім беру саласы: «Таным»

Оқу қызметі түрі: «Жаратылыстану»

Өтпелі тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін»

Тақырыбы: «Жаз мезгілі»

Мақсаты: Жаз мезгілінің табиғат ерекшеліктерін меңгерту. Жаз айларының ерекшелігін ұғындыру, жазғы табиғат өзгерістерін бақылап, әсемдігін, сұлулығын сезіне білуге үйрету.

Білімділік: Жаз мезгілі, жазғы ойындар, жазғы табиғат, жазғы еңбек жайлы түсінік беру.

Дамытушылық: Танымдық, шығармашылық қасиеттерін, тілін, сөздік қорын дамыту.

Тәрбиелілік: Табиғатқа қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Шаттық шеңбері

Әуен арқылы қимылдар жасау

Сұрақ-жауап:

1. Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? жаз

3. Жаз айында үш ай бар (маусым, шілде, тамыз)

3. Жаз мезгілінде ауа-райы қандай болады? (Ыстық)

Балалар экранға назар аударайық (Бейнебаян көрсету)

Сабақ барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Балалар бүгінгі ашық оқу қызметімізді бастамас бұрын мен сендерге жұмбақ жасырайын. Дайынсыңдар ма?

Балалар: Иә

Жұмбақ: Ақпын, сары, көкпін,

Түрлі түрлі көпін,

Қанатым бар ұшатын

Гүлге барып қонатын.

Бұл жұмбақтың шешуін

Кім бар тез табатын? (Көбелек)

Тәрбиеші: Дұрыс таптыңдар!

Есікті біреу қағады. Залға көбелек кіреді.

Көбелек: Сәлеметсіздер ме, балалар! Мені таныдыңдар ма? Мен кімін?

Балалар: Иә, Көбелек

Тәрбиеші: Сәлеметсіз бе, Көбелек! Қош келдіңіз!

Көбелек: Кішкентай көбелектерден көз жазып қалдым. Маған тауып беруге көмектесіңдер ме?

Балалар: Иә!

Тәрбиеші: Көбелек сен көңіліңді түсірме, біз саған көмектесеміз.

Бүлдіршіндеріміздің тақпақтарына кезек берейік.

Айым: Көк шығып айнала

Құлпырып гүлдермен

Имран : Жаз келді алақай

Ойнаймыз далаға- ай

Әбілқайыр: Тұратын көз тартып

Жаз келді күн шықты.

Дидактикалық ойын: «Жәндіктерді тап»

Ойын шарты: Жәндіктердің суреттің фонарикарқылы көріп, қандай жәндік екенін айту.

Сергіту сәті: «Көңілді күн»

Көбелек: Жарайсыңдар, балалар. Балалар сендермен тағыда бір ойын ойнағым келіп тұр.

Көбелек: Жарайсыңдар балалар!

Тәрбиеші: Балалар, көбелек еліне көңілді қайту үшін, Көбелекпен бірге тыныс алу жаттығуын жасайық.

Тыныс алу жаттығуы

Көбелек: Жарайсыңдар балалар!. Ал, енді, балалар, мен сияқты ұшып білесіңдер ме? Қане бәріміз көбелектерше қанатымызды қағайық. Енді гүлге қонамыз.

Қимылды ойын: «Гүлдерге қонамыз»

Ойын шарты: Әуен ойнаған кезде гүлді қолымызға алып айналып билейміз. Әуен тоқтаған кезде қолымыздағы гүлдің түсін тауып тұруымыз қажет.

Көбелек: Менің көңіл күйім көтерілді рахмет сендерге балалар, Менің достарыма кететін уақытым болды, сау болыңдар.

Тәрбиеші: Ал, балалар біз жаз мезгілімен таныстық.

Қорытынды: Дидактикалық ойын: «Жаз мезгілі»

Ойын шарты: Жаз мезгілінің суреттерінің қиындыларын құрастырып, оны атап, әңгімелеп береді.

Бүгін жылдың қай мезгілі туралы әңгімеледік?

Жазда мезгілінің ерекшелігі айтайықшы?

Жазда балалар да, үлкендерде демалады. Суға шомылып, күнге қыздырынады. Айнала ағаштар жасыл желек жамылып, гүлдер жерді өрнектейді. Құстар әсем әнге салып, сан түрлі көбелектер көз қызықтырады. Адамдар бау-бақша салып, суарып, күтеді.

- Балалар, бүгін бізге кім келді?

- Қандай жәндіктермен таныстық?

- Көбелек немен қоректенеді?

Балалардың жұмысын мадақтау.